ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 27 қаңтар № 7119-24-00-2/17255 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«TENDERPLUS KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «TENDERPLUS KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «TENDERPLUS KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «TENDERPLUS KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 22 125 (жиырма екі мың бір жүз

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 27.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Искалиева А. С., 04.03.2025
7119-24-3-1/16773

жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 663 (алты жүз алпыс үш) теңге 75 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың 10 325 теңге мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігін қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер «TENDERPLUS KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 27.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Искалиева А. С., 04.03.2025

7119-24-3-1/16773